

140002 Павлодар қаласы, Торайғыров көшесі, 74/1 күркүлісі
тел: 8(7182) 55-39-14, факс: 8(7182) 55-48-24
E-mail: kense.dzppav@dsm.gov.kz

140002 город Павлодар, улица Торайгырова, строение 74/1
тел: 8(7182) 55-39-14, факс: 8(7182) 55-48-24
E-mail: kense.dzppav@dsm.gov.kz

**Павлодар облысы аумағында шектеулі
карантиндік шаралар туралы
№12 ҚАУЛЫ**

2021 жылғы «24» мамыр

Павлодар қаласы

Мен, Павлодар облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Алиев Батыrbек Төлеубекұлы, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» №360-VI ҚРЗ Кодексінің 38, 104-баптарының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Павлодар облысының әкімдігі, облыстың қалалары мен аудандарының әкімдері, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, кәсіпкерлік субъектілерінің, заңды тұлғалардың басшылары қамтамасыз етсін:

1) жабық ғимараттарда және ашық орындарда көріністі, отбасылық, ұжымдық, корпоративтік, салтанатты (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, ас беру және т.б.) іс-шараларын және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге (митингілер, шерулер, көрмелер, конференциялар, көрсетілімдер т.б.) өткізуге, сондай-ақ жеке үй-жайлар мен құрылымдарды бұқаралық корпоративтік шараларды өткізу үшін жалға алуға тыйым салынсын»;

2) ойын-сауық мекемелерінің қызметіне тыйым салынсын (караоке, қорқор бөлмелері, букмекерлік кеңселер, бильярд залдары, ойын клубтары, түнгі клубтары, компьютер клубтары, боулинг орталықтар және т.б.);

3) балалар ойын-сауық орталықтарының қызметіне тыйым салынсын;

4) мәдениет объектілерінің қызметіне (дайындықтар) 30 адамға дейін рұқсат берілсін;

5) толымдылығын 20 % дан асырмай театрлардың, кинотеатрлардың, концерт залдарының қызмет етуіне рұқсат берілсін;

6) толымдылығын 50 % дан асырмай балаларды сауықтыру лагерлерінің қызмет етуіне рұқсат берілсін;

7) оларды қашықтық форматында өткізуге мүмкіндік болмағанда, ҚР БМСД № 68 Қаулысының талаптарын сақтай отырып кенестерді (отырыстарды) көзбек-көз режимінде өткізуге рұқсат етілсін;

8) облысаралық, облысішілік, қалааралық, ауданааралық автобус, шағын автобус жолаушылар тасымалы қайта жаңартылсын;

9) мектепке дейінгі мекемелердің кезекші топтарының қызметіне топтағы бала санын 25-тен асырмай топтастыра отыра, ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын сақтай отырып рұқсат етілсін;

10) күшеттілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отыра, ашық ауадағы аттракциондар қызмет етуіне рұқсат берілсін;

11) ҚР БМСД № 68 Қаулысының талаптарын сақтай отырып кітапханалар, музейлердің қызмет етуіне рұқсат берілсін;

12) окуға рұқсат берілсін:

- 300 адамға дейінгі контингенті бар қалалық және ауылдық мектептерде сыныптағы балалар санын 25 адамнан асырмай дәстүрлі форматта оқыту;

- сыныптағы балалар санын 25 адамнан асырмай, барлық сыныптар үшін жалпы орта білім беру мектептерінде аралас форматта оқыту;

- білім беру мекемесі әкімшілігінің шешімі бойынша оқушыларды сабактан тыс уақытта 15 адамнан аспайтын топтарда жекелей оқыту;

Білім беру объектілерінің қызметі ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын сақтай отырып жүргізіледі;

13) колледждер мен жоғары оку орындарының I курс студенттеріне штаттық режимде окуға рұқсат берілсін;

14) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын сақтай отырып білім беру объектілеріндегі қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне рұқсат берілсін;

15) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын сақтай отыра және жабық ғимараттарда ұжымдық іс-шаралар өткізбей, бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда діни объектілердің (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т. б.) қызметіне жекелей рұқсат берілсін. Ұжымдық діни іс-шараларды (соның ішінде «жұма намазы», күнделікті православтық дұғалары және басқалары) мешіттердің, православие шіркеулерінің және басқа да діни объектілер аумағында өткізу ашық ауада бетперде режимі мен бір адамға 4 метр әлеуметтік арақашықтықты есепке ала отырып жүргізіледі»;

16) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын сақтай отыра, жұмыс уақытын шектемей гүлдер дүкендерінің қызметіне рұқсат берілсін;

17) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орынданай отыра, күшеттілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отыра, сауда орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда желілерінің қызметіне бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда, жұмыс уақытын шектемей рұқсат берілсін;

18) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орынданай отыра, толымдылығы бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда, азық-түлікке жатпайтын және азық-түлік тауарларын өткізетін жабық базарлардың қызметіне жұмыс уақытын шектемей рұқсат берілсін;

19) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орынданай отыра, толымдылығы бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда, азық-түлікке жатпайтын және азық-түлік тауарларын өткізетін базарлардың (ғимараттан тыс) қызметіне жұмыс уақытын шектемей рұқсат берілсін;

20) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орынданай отыра, толымдылығы бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда, жұмыс уақытын шектемей супермаркеттердің, гипермаркеттердің қызметіне рұқсат берілсін;

21) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, толымдылығы бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда, азық-түлік дүкендерінің қызметіне рұқсат берілсін;

22) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, толымдылығы бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда, жұмыс уақытын шектемей, азық-түлікке жатпайтын дүкендерінің қызметіне рұқсат берілсін;

23) қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне (фуд-корттарды (тек жеткізу / алып кету форматында), банкет залдарын қоспағанда) жұмыс уақытын сағат 7:00-ден бастап 24:00-ге дейінгі жұмыс тәртібін бекіте отыра, жеткізу / алып кету режимін шектемей рұқсат берілсін;

-ғимарат ішіндегі жалпы отырғызу орнын 50 ден асырмай, толымдылығын 50% дан және жазғы аландарда отырғызу орнын 50 ден асырмай, әлеуметтік арақашықтықтың, үстелдердің көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр арақашықтықта орналастырылуын және бір үстел алдында 4-6-дан аспайтын адамдардың отырғызылуын сақтап, ұжымдық, салтанатты, отбасылық және басқа жаппай өткізілетін іс-шараларды өткізбей, ҚР БМСД №67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, осы Қаулыда белгіленген жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жабылып, келушілердің нысанда болуына тыйым салумен асхана типтес қоғамдық тамақтану нысандарының қызметіне рұқсат берілсін;

- стрит-фудтар (жеке тұрған палатка/дүңгіршек/отырғызу орындары жок киоскілер) қызметіне жұмыс уақытын шектемей, ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра рұқсат берілсін»;

24) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, жұмыс уақытын шектемей, 1 келушіге кемінде 4 шаршы метр қамтамасыз етілген жағдайда сұлулық салондарының, шаштараздардың, косметологиялық қызметтерді ұсынатын нысандардың жұмысына рұқсат берілсін;

25) толымдылығын 15 % дан асырмай, күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отыра, көрермендердің қатысуымен спорттық іс-шараларды өткізуге рұқсат берілсін;

26) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, Ұлттық құрама, клуб командалары үшін спорттық жаттығуларға (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорт базаларында тұру) рұқсат берілсін;

27) күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтаған жағдайда, спортшылар мен жаттықтырушылар құрамының COVID-19 ға қарсы вакцинациясының толық курсын алғандығы туралы құжаттық дәлелдемелерін ұсынған жағдайда облыстық командаларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізуге рұқсат берілсін;

28) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, бір келушіге кемінде 5 шаршы метрді қамтамасыз еткен жағдайда, спорт кешендері мен басқа да спорт нысандарының, соның ішінде фитнес, жаттығу залдары мен спорттық-сауықтыру орталықтарының уақытын шектемей топтық жаттығулар өткізуге рұқсат берілсін;

29) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра бір адамға су айнасының 5 шаршы метр есебінен жеке форматта, уақытын шектемей бассейндер қызметіне рұқсат берілсін;

30) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, жұмыс

уақытын сағат 8:00 ден 24:00-ге дейін шектеумен моншалардың қызметіне қызметіне рұқсат берілсін;

31) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, жұмыс уақытын сағат 8:00 ден 24:00-ге дейін шектеумен СПА-орталықтардың қызметіне қызметіне рұқсат берілсін;

32) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, жұмыс уақытын сағат 8:00 ден 24:00-ге дейін шектеумен, жексенбі күндері жұмысын тоқтата отыра саunalардың қызметіне рұқсат берілсін;

33) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, бір адамға мұз айдынының 5 шаршы метр есебінен жабық мұз айдындарының жұмысына рұқсат берілсін;

34) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, медициналық орталықтардың, стоматологиялардың және т.б. (алдын ала жазылумен) аймақтарға бөлу талаптарын және күшеттілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып жұмыс істеуіне рұқсат берілсін;

35) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, дәріханалардың, оптика дүкендерінің қызметіне рұқсат берілсін;

36) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, жиналуы мен ұзақ тығыз байланысты тудырмайтын, халықта байланыссыз қызмет көрсететін нысандардың (баспахана қызметтерін ұсынатын нысандар, тұрмыстық техникины жөндеу; телешеберханалар; автосалондар; автожуу; шиножөндеу, автомобилдер жөндеу; зергерлік шеберханалар; аяқ-киім шеберханалары; тігін ательесі; аяқ-киімді, киімді жөндеу жөніндегі сервис, картридждерді толтыру және басқа нысандар) жұмыс уақытын шектемей жұмыс істеуіне рұқсат берілсін;

37) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, бизнес-орталықтарының және сол жерде орналасқан адвокат, нотариус, бухгалтер мен консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, туроператорлар, азық-түлік емес тауарлар мен заттарды сатуға арналған бутиктер (бөлімдер) және т.б. нысандар жұмысына жұмыс уақытын шектемей үйымдастыруға рұқсат берілсін;

38) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының бірлескен бұйрығы талаптары мен ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра қаржы секторы субъектілерінің (екінші деңгейлі банктер; банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдар шетел валютасымен қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде тек айырбастау пункттері арқылы жұмыс жасайтын заңды тұлғалар, ипотекалық үйымдар; сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары; сақтандыру брокерлері; бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын үйымдар; микроқаржы үйымдары, несиелік серікtestіkтер, ломбардтар; төлем үйимдары; коллекторлық агенттіктер) қызметіне рұқсат берілсін;

39) «Азаматтарға арналған үкімет»МК» ҮЕАҚ Павлодар облысы бойынша филиалының халықта қызмет көрсету орталықтарының (және де бейне - асистенттер) жұмысының режимі жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 09:00-

ден бастап 18:00-ге дейін, сенбі сағат 09.00 ден 14.00 дейін, жексенбі және мереке күндері тыйым салынсын. Мамандандырылған ХҚО жұмыс кестесі жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 9:00-ден бастап 18:00-ге дейін, сенбі сағат 09.00 ден 14.00 дейін, жексенбі және мереке күндері тыйым салынсын. Азamatтардың топтасуына және инфекция жұқтыруға жол бермеу үшін Ақсу, Екібастұз, Павлодар қалаларының халықта қызмет көрсету орталықтарына бару үшін кезекті алдын-ала брондау қажет (egov.kz порталы, 1414 байланыс орталығы және eGov mobile мобиЛЬДІ қосымшасы арқылы кезекті брондауға болады);

40) «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің жұмысы жұмыс күндері сағат 9:00-ден бастап 18:00-ге дейін, сенбі күні сағат 9:00-ден бастап 14:00-ге дейін, жексенбі күні – демалыс. ХҚО жанындағы бөлімшелер жұмыс күндері сағат 9:00-ден бастап 18:00-ге дейін жұмыс істеуді қамтамасыз етсін. «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің жұмысы ҚР БМСД №67 Қаулысының талаптарын орынданай отыра, қызметтерді барынша онлайн форматта көрсетумен қамтамасыз етілсін;

41) ҚР БМСД №67 Қаулысының талаптарын орынданай отыра, үздіксіз өндірістік циклі бар өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметіне; құрылыш жұмыстарына (турмыстық бөлмелерде байланыс болмағанда), ауыл және балық шаруашылығына, мал шаруашылығына рұқсат берілсін;

42) күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отыра, туризм объектілерінің қызметіне (демалыс үйлері, демалыс аймақтары, туристік базалар және т.б.) рұқсат берілсін;

43) күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отыра халықтың тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы ұйымдардың (қонақ үйлер, отельдер, және т. б.) қызметіне рұқсат берілсін;

44) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орынданай отыра, арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы ұлғидегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат берілсін;

45) күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отыра, топтағы адам санын 15 тен асырмай жинақтаған жағдайда алдын ала жазылу бойынша балалар кабинеттерінің/түзету, оңалту орталықтарының, балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының қызметіне рұқсат берілсін;

46) өнірлердегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» және «Бебек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы» РМҚК қызметіне рұқсат берілсін;

47) ҚР БМСД №67 Қаулысының талаптарын орынданай отыра, мемлекеттік органдардың (ұйымдар, кәсіпорындар), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық компаниялардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне рұқсат берілсін. Бұл ретте қызметкерлердің кемінде 50%-ы қашықтықтан жұмыс істеу формасында қалдырылады. Міндеттерін қашықтықтан орындала алмайтын қызметкерлерден басқаларды қоспағанда, COVID-19-ға қарсы вакцина алмаған және соңғы 6 ай ішінде COVID-19-бен ауырмаған қызметкерлер қашықтықтан жұмыс істеу форматына ауыстырылады»;

48) ҚР БМСД №67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, кемінде 2 метр арақашықтықты сақтай отыра, адам саны 15 тен аспайтын жеке және ұйымдастырылған топтар үшін бетперде режимімен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге, қорықтарға, резерваттарға және басқаларына) баруға рұқсат берілсін;

49) ҚР БМСД №67 Қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда (қарбалас сөtte автобустар санын көбейту, кондуктордың болуы, соңғы аялдамада дезинфекциялау құралдарымен өндеу, барлық есіктерді ашу, отыратын орын саны бойынша толтыру, жолаушылардың қоғамдық көліктерге қорғаныс бетперделерінсіз кіруіне жол бермеу) қоғамдық көліктердің жұмысына рұқсат берілсін;

50) ҚР БМСД №67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, такси қызметтерінің қызметіне рұқсат берілсін;

51) ҚР БМСД №67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, барлық сауда нысандарына, қоғамдық көліктерге, таксиге, өнеркәсіптік аумақтарға, дәліздерге, лифт кабиналарына, ұйымдарға, басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өндеу жүргізілсін»;

52) қарттар мен мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер, сәбілер үйлері, балалар үйлері, әлеуметтік оңалту орталықтары, мүгедек балаларға арналған, интернат типіндегі оқу орындары санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отыра жұмыс істейді.

Әлеуетті ата-аналарға жетім балалармен оларды одан әрі асырап алуы, қорғанышылтықта болуы, қамқоршысы болу үшін балалар үйіне және сәбілер үйіне баруына әлеуетті ата-аналарға берілуінен 3 тәуліктен аспаған COVID-19 ға ПТР зертханалық тексерісі теріс нәтиже көрсеткен немесе COVID-19 ға қарсы вакцинациясының толық курсын алғандығы туралы құжатты ұсынған кезде рұқсат беріледі.

Медициналық-әлеуметтік мекемелерге ұлттық превентивті механизм қатысушыларының баруына берілуінен 3 тәуліктен аспаған COVID-19 ға ПТР зертханалық тексерісі теріс нәтиже көрсеткен немесе COVID-19 ға қарсы вакцинациясының толық курсын алғандығы туралы құжатты ұсынған кезде рұқсат беріледі».

2. Павлодар облысының Әкімдігі, облыстың қалалары мен аудандары әкімдері, Павлодар облысының Полиция Департаменті, Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық Басқармасы, Павлодар облысының кәсіпкерлер Палатасы қамтамасыз етсін:

1) ҚР БМСД №67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 22 мамырдағы №22 Қаулысының (бұдан әрі–ҚР БМСД №22 Қаулысы) қосымшасына сәйкес, «Ashyq» жобасына қатысушы әлеуметтік-экономикалық субъектілердің жұмысына шектеулер қою мен рұқсаттар беруді жүзеге асырсын;

2) ҚР БМСД №22 Қаулысының 1 тармағына сәйкес кәсіпкерлік нысандарында «Ashyq» бағдарламасын енгізсін;

3) ҚР БМСД № 22 Қаулысына сәйкес, «Ashyq» жобасына ену және қатысуга қойылатын алгоритмдер сақталсын;

4) тұрғындар, жеке және занды тұлғалар «Ashyq» жобасына қатысушы көсіпкерлік нысандарына кіру үшін App Store мен Play-Market те жүктеуге болатын «Ashyq» мобиЛЬДІ қосымшасы туралы хабардар етілсін»;

5) әкімдіктердің сайтында «Ashyq» жобасының қатысушылары, оның ішінде ерікті қатысушылары туралы ақпараттар орналастырылсын;

6) «сары»/«қызыл» мәртебесі бар келушілерді анықтау кезінде ҚР БМСД №22 Қаулысының 2 қосымшасында бекітілген Алгоритмге сәйкес әкімшілік шаралар қолданылсын;

7) ҚР БМСД №22 Қаулысының 3 қосымшасында бекітілген Алгоритмге сәйкес, жауапкершілігі төмен қатысушылар «Ashyq» жобасынан шығарылсын».

3. Физическим лицам:

1) бес жасқа дейінгі балаларды және спортпен айналысатын тұлғаларды қоспағанда, әлеуметтік арақашықтықты сақтай отыра қоғамдық орындарда, халық баратын, қызмет көрсетілетін және демалуға арналған үй-жайларда, қоғамдық көлікте (соның ішінде, такси ішінде) болған кезде медициналық немесе тоқыма бетперделерді міндettі түрде кисін(әрбір 2 сағат сайын ауыстырумен);

2) объектилерге барғанда, қоғамдық көлікті пайдаланған кезде, сонымен қатар, жұмыс орындарында төмендегілерді сақтасын:

-қол алыспау, адамдар арасында кемінде 2 метр әлеуметтік арақашықтықты сақтап, қорғаныс бетперделерін дұрыс кисін;

-жеке гигиенаны (қолды жуғыш құралдармен жуу, санитайзерлерді (қолға арналған антисептиктер) пайдалану) сақтау, түшкіру және жөтелу этикетін сақтау;

3) респираторлық инфекцияның (тұмау, түшкіру, дене қызуы) алғашқы симптомдары пайда болған жағдайда медициналық ұйымдарға бармай, 103 нөмірі арқылы жедел медициналық жәрдемді үйге шақырту арқылы медициналық көмекке шұғыл жүгінсін;

4) алынып тасталсын:

- отбасылық, еске алу(банкеттер, тойлар, мерейтойлар және т.б..) іс-шараларын, соның ішінде үйлер мен адамдар көп жиналатын шараларды өткізуге және қатысуға;

- жеке үй-жайлар мен құрылымдарды бұқаралық корпоративтік және басқа да шараларды өткізу үшін жалға алуға;

- қызметі жаңартылмаған объектилерге баруға;

- жұмыс режиміне сәйкес жабылғаннан кейін объектилерде болуға.

4. Павлодар облысының әкімдігі, облыстың қалалары мен аудандарының әкімдері, Полиция Департаменті, Санитариялық – эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармалары қамтамасыз етсін:

1) қызметіне рұқсат берілген объектилерде карантиндік іс-шаралардың, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақыласын. Бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексіне сәйкес әкімшілік шаралар қолданылсын.

5. Павлодар облысының полиция Департаменті:

1) жұмысты жалғастырысын және бетперделік режим мен әлеуметтік арақашықтықты сақтау мәніне тұрғын үй секторының, парктердің, скверлердің,

аулаішлік балалар ойын аландарының, демалыс аймақтарының, қоғамдық көліктің патрульдеуін қамтамасыз етсін, участекіл қызмет жұмысын жасырын отбасылық, ұжымдық іс-шараларды анықтауға бағыттасын;

2) COVID-19 бойынша байланысқа түскен адамдарды карантинге жабу орындары мен провизорлық госпитализациялау орындарының күзетін қамтамасыз етсін;

3) COVID-19 бойынша байланысқа түскен адамдарды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткізу пункттері арқылы Қазақстан Республикасына келген COVID-19-ға зертханалық зерттеуінің оң нәтижесі бар адамдарды іздестіру және карантинге орналастыру бойынша шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

6. Денсаулық сақтау басқармасы қамтамасыз етсін:

1) эпидемияға қарсы режимді сақтай отыра, COVID-19-бен сырқаттанған адамдарды оқшаулау үшін инфекциялық стационарда жеке төсек-орындарды бөлсін;

2) егер серіктесте, нәтижесі шыққан күннен бастап 3 тәуліктен аспаған, ПТР әдісімен COVID-19 сынағының теріс нәтижесі бар анықтама болса серіктес босануға рұқсат берсін;

3) көрсетілетін медициналық көмек ерекшелігін ескере отыра, COVID-19 ды жоққа шығармайтын клиникалық белгілері бар пациентті анықтаған жағдайда, барлық денсаулық сақтау үйымдарында оңашалауға арналған үй-жайларды бөлсін;

4) COVID-19 сырқатына күдігі бар пациенттермен кездесуіне жол бермей, пациенттердің күн сайынғы ағымын бөлсін (басқа нозологиялық сырқаттар бойынша);

5) босандыру үйымдарына босанатын әйелдер, сондай-ақ, көп бейінді стационарларға өмір көрсеткіштері бойынша шұғыл көмек көрсетілуіне мұқтаж пациенттер келіп түскен жағдайда, медициналық көмек COVID-19-ға зертханалық зерттеу нәтижелерін күтпей-ақ, жеке қорғаныс құралдарын пайдаланумен, оңашаланған бөлмеде көрсетіледі. Пациентте COVID-19 диагнозы расталған жағдайда, медициналық көмек көрсетуге тартылған қызметкерлер үй карантинінде оңашалауға және COVID-19-ға зертханалық тексерілуге жатады. Нәтиже оң болған жағдайда жұмыстан шеттетіліп, емдеуге жіберіледі, теріс нәтиже болған жағдайда лауазымдық міндеттерін атқаруды жалғастырады және 14 күн ішінде медициналық бақылауға жатады;

6) барлық босандыру және балалар медициналық үйымдарында жүкті әйелдерді, босанатын әйелдерді, COVID-19 ға күдікті ЖРВИ мен тұмай белгілері бар босанатын әйелдерді және балаларды, COVID-19 инфекциясы ПТР-мен расталғандарды, симптомсыз және женіл COVID- 19 ағыны бар, стационарга түскен ПТР талдауының нәтижелері жоқ пациенттерді жатқызу үшін мамандандырылған бөлім үйымдастырысын;

7) жүкті әйелдер мен балалардың босандыру және балалық медициналық үйымдарға шұғыл түсу кезінде COVID-19 талдауы болмаса, орташа және ауыр коронавирустық инфекцияның клиникалық белгілері бойынша мамандандырылған мамандармен медициналық көмек көрсету үшін мамандандырылған бөлімге жатқызылады, басқа жүкті әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін эпидемияға қарсы режимді сақталынады;

8) пациенттерді, оның ішінде жүкті әйелдерді, босанатын әйелдерді және балаларды стационарға жоспарлы түрде госпитализациялау Госпитальдау Бюросының порталы арқылы амбулаториялық қызмет мамандарының нұсқауы бойынша жүргізіледі, қолында тапсырған күнінен бастап 7 күннен аспайтын COVID-19 тестілеу нәтижелері болған кезде жүзеге асырылады;

9) ҚР БМСД № 67 Қаулысының 33 қосымшасына сәйкес COVID-19-ға зертханалық зерттеу жүргізу;

10) ҚР БМСД № 67 Қаулысының 33 қосымшасына сәйкес зертханалық тексеру үшін COVID-19-ға күдігі бар науқастардан материалдың қауіпсіз алынуын үйымдастыру;

11) инфекциялық және өзге медициналық үйымдарда эпидемияға қарсы режим талаптарын сақтау;

12) қажет болған жағдайда үйде карантинде отырған адамдар үшін медициналық үйымдарға бармай, еңбекке уақытша жарамсыздығының парактараты (емдеу парагы) толтырылсын;

13) денсаулық сақтау үйымдарының COVID-19-ға шалдыққан пациенттерді емдеу үшін қажетті дәрілік заттар мен медициналық бүйымдарға қажеттілігін қамтамасыз етсін;

14) ҚР БМСД № 67 Қаулысының №4 қосымшасына сәйкес таза және лас аймақтарға бөлумен барлық медициналық үйымдары инфекциялық стационар қағидаты бойынша қызмет етсін;

15) денсаулық сақтаудың стационарлық үйымдарында карантин сақталсын;

16) ҚР БМСД № 67 Қаулысының №34 қосымшасына сәйкес COVID 19 шараларын өткізуге қатысушы медицина қызметкерлерінің инфекциялық қауіпсіздігі алгоритмі орындалсын;

17) өліктерді сою кезінде (аутопсия) патологанатомиялық, сотмедициналық сараптама қызметі саласындағы жұмысты жүзеге асырып отырған үйымдарда жұмыстан шығар жерде дene қызыуын өлшеуді қоса есептегендe, одан кейін денсаулығын бақылай отыра, қызметкерлерді оңашалаусыз, ҚР БМСД № 67 Қаулысының №32 қосымшасына сәйкес, эпидемияға қарсы іс-шараларды сақтауды – жеке қорғаныс құралдарын пайдалансын;

18) пациенттердің бүкіл ағынының дene қызыуын өлшеу үшін тепловизорлармен қамтамасыз ете отыра, барлық денсаулық сақтау үйымдарында шлюздер үйымдастырылсын;

19) көп бейінді ауруханалардың қабылдау бөлімшесінде пациенттердің күн сайынғы ағынын жоспарлық және шұғыл госпитальдау бойынша жекелей бөлсін;

20) ҚР БМСД № 67 Қаулысының №3 қосымшасына сәйкес жұмыстары COVID-19-ға күдігі бар науқастарды тасымалдаумен, ошақта жұмыс жасаумен, емдеу және қызмет көрсетумен байланысты медицина қызметкерлері мен персоналдың тиісті қорғаныс деңгейі бар ЖҚҚ қолдануын бақыласын;

21) COVID-19 эпидемиологиясы, клиникалық белгілері, диагностикамәселелері, эпидемиологиялық және биологиялық қауіпсіздік, стандартталған операциялық шараларды (СОШ) орындау бойынша денсаулық сақтау үйымдарына арналған семинарларды үйымдастырсын және өткізсін;

22) COVID-19 кезінде жеке қорғаныс құралдарын пайдалану жөнінде эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу бойынша өңірдегі медициналық ұйымдардың барлық қызметкерлерін толықтай қамтумен нұсқаулық жүргізсін;

23) ҚР БМСД № 67 Қаулысының № 35 қосымшасына сәйкес COVID-19-ды жүктірудың жоғары қаупіне ие адамдарды оқшауласын;

24) ҚР БМСД № 67 Қаулысының № 36 қосымшасына және клиникалық протоколға сәйкес COVID-19 симптомы жоқ вирус тасымалдаушыларды оқшаулау шарттары болған жағдайда үйдегі карантин мен медициналық бақылауды қамтамасыз етсін;

25) тұрғын үйдің үй карантинің ұйымдастыруға арналған талаптарына сәйкестігін бағаласын;

26) үйдегі медициналық бақылаудың жүргізілуін және үй карантинің талаптарын сақтауды бақыласын;

27) шетелден келген, дene қызыуы жоғары адамдарға COVID-19-ға зертханалық тексеру жүргізу үшін, инфекциялық стационарға жатқызууды қамтамасыз етсін;

28) ПТР әдісімен COVID-19-ға тестіден өтуі туралы анықтамасыз шетелден келген Қазақстан Республикасының азаматтарын карантиндік стационарларда орналастыруды қамтамасыз етсін;

29) үйде онашалау жағдайында (үй карантині) COVID-19 науқаспен байланысқа түсken (жақын байланыс) адамдардың зертханалық тексеруі мен медициналық бақылауын қамтамасыз етсін;

30) ҚР БМСД № 67 Қаулысының № 37 қосымшасына сәйкес халыққа профилактикалық екпелер жүргізсін;

31) ҚР БМСД № 67 Қаулысының № 33, 35, 36 қосымшаларына сәйкес байланысқа түсken адамдар мен симптомы жоқ вирус тасымалдаушылардың медициналық бақылауы мен зертханалық тексеруін қамтамасыз етсін ;

32) диагнозды анықтаған соң, 6 сағат ішінде COVID-19-пен сырқаттанудың әр жағдайына, соның ішінде, «COVID-19 Коронавирустық инфекциясы (Вирус тендерстірлімеген)» U07.2 коды бойынша санитариялық – эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық бөлімшелеріне шұғыл хабарлама берілсін.

33) COVID-19 симптомсыз тұрларіне шалдыққан пациенттерді қоса есептегенде, үй карантинінде қашықтықтан бақылауға арналған мобиЛЬДІ қосымшаның енгізілуін қамтамасыз етсін;

34) эпидемиологиялық қадағалау мақсатында, Павлодар облысы бойынша сот сараптамасы қызметі қызметкерлерінің COVID-19 ға зертханалық тексерістен өтуін қамтамасыз етсін;

35) сот сараптамасы барысында алынған мүрде материалын ПТР әдісі арқылы COVID-19 - ға зертханалық тексеруді қамтамасыз етсін.

7. Денсаулық сақтау басқармасы, санитариялық – эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармалары, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ұлттық сараптама оргалығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны, меншік формасына және ведомствоның бағыныстырығына қарамастан зертханалар қамтамасыз етсін:

1) №67 Қаулының 33 қосымшасына сәйкес COVID-19-ға ПТР әдісімен тестілеуді үйымдастырысын және зертханалық ПТР зерттеуінің оң нәтижесі бар жағдайлар туралы №67 Қаулының 41 қосымшасына сәйкес хабарласын;

2) зертханалардың COVID-19-ға арналған ПТР тестілеу нәтижелері бойынша зертханалық ақпараттық жүйелерге уақытында ақпарат енгізуді және оларды Ұлттық сараптама орталығының Бірыңғай ақпараттық порталына (ҰСО БАП) жіберуді қамтамасыз етсін.

8. Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің м.а.«Павлодар облысы аумағында шектеулі карантиндік шаралар туралы» 2021 жылғы 30 сәуірдегі №10, 2021 жылғы 06 мамырдағы №11 Қаулылар күшін жойды деп есептелсін.

9. Меншік түріне қарамастан барлық жеке және занды тұлғалар үшін осы Қаулыны орындау міндетті болып саналады. Зан бұзушылықтар анықталса, құзыretі мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасы шегінде жедел шаралар қабылдансын.

10. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

11. Осы Қаулы 2021 жылдың 25 мамырынан сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді.

**Павлодар облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Б. Алиев

2021 жылғы
24 мамырдағы № 12
Қаулыға Қосымша

Әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемшарттары

№	Объектілер/салалар	Сары аймак
1.	Өнеркәсіп	+
2.	Күріліс (тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаган жағдайда)	+
3.	Ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	+
4.	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательеі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер және т. б.).	+
5.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтары (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг көрсетілетін қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	+
6.	Гүл дүкендері, фотосалондар	+
7.	Медициналық үйымдар, дәріханалар	+
8.	Музейлер, кітапханалар	+
9.	Азық-тұлік дүкендері, шағын маркеттер	+
10.	Балалардың түзету кабинеттері, балалар мен ересектердің білім беру орталықтары	✓ топты 15 адамнан артық толтырмаған кезде, алдын ала жазылу бойынша
11.	Сүлүлік орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр қызметтері, косметологиялық қызмет көрсететін орындар (жазылу бойынша)	+
12.	Супермаркеттер, гипермаркеттер	+
13.	Азық-тұлік емес дүкендер (жеке тұрган)	+
14.	Ашық базарлар (азық-тұлік, азық-тұлік емес)	+
15.	Жабық базарлар (азық-тұлік, азық-тұлік емес)	+
16.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы үйымдар (қонақ үйлер, отельдер, санаторий-курорттық үйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.).	+
17.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология	✓ алдын ала жазылу бойынша
18.	Қоғамдық көлік	(қарбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық есіктерді ашу, отыратын орындар саны бойынша толтыру)
19.	Банктер, ХҚКО, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері	✓ уақыт бойынша 9.00-ден

		18.00-ге дейін шектеумен
20.	Мектепке дейінгі мекемелер	✓ кезекші топтар 25 адамнан аспайтын топтарды жинақтауды сақтаған кезде
21.	Ұйымдар, оғистер*(ескерту)	✓ 50 %- қашықтықтан, 50%- күндізгі режим
22.	Діни объектілер	✓ Жабық үй-жайларда ұжымдық іс-шараларды өткізбей
23.	Мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7-ден 24.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
24.	Жазғы аландар	✓ 7-ден 24.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
25.	Асханалар типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері	+ (тәулік бойы)
26.	Стрит-фуд (жеке тұрган шатыр/ларек/отыратын орны жок дүңгіршек)	+
27.	Моншалар	✓ сағат 8:00-ден 24:00 ге дейін
28.	Сауналар СПА-орталықтар, бассейндер	✓ сағат 8:00-ден 24:00 ге дейін (жексенбіден баска)
29.	СПА-орталықтар, бассейндер	+
30.	Қала маңындағы жолаушылар поездарының (электричкалардың) қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз
31.	Жолаушылар поездарының қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз
32.	Қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шагын автобустардың) қозғалысы	+
33.	Спорт кешендері, спорттық- сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар, йога-орталықтарды қоса алғанда	+
34.	СОО, сауда үйлері, сауда желілері	+
35.	Мәдениет объектілері (дайындық)	✓ 30 адамға дейін
36.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар	✓ толтырылуы 20%-дан артық емес
37.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	✓ толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес
38.	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	✓ толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес
39.	Бильярд	—
40.	Компьютерлік клубтар	—
41.	Боулинг	—

42.	Цирктер	-
43.	Балалардың ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар)	-
44.	Ашық аудағы аттракциондар	+
45.	Балаларды сауықтыру ұйымдары	✓ толтырылуы 50%-дан артық емес
46.	Көрермендермен спорттық іс-шараларды өткізу	✓ толтырылуы 15%-дан артық емес
47.	Ас беру	-
48.	Банкет залдары	-
49.	Тұнгі және ойын клубтары	-
50.	Караоке	-
51.	Океанариум	-
52.	Ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, конференциялар, форумдар, отбасылық, естелік іс-шаралар	-
53.	Көрмелер	-

* - Ұйымдар, оғистер қызметкерлерге COVID-19-ға қарсы вакцинациялау жүргізілген жағдайда қызметтің қашықтықтан және күндізгі жұмыс форматында жұмыс істейтін қызметкерлердің пайыздық арақатынасы жөніндегі талаптарды ескермей жүзеге асырады. Бұл ретте COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсын алған және соңғы бай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған барлық қызметкерлердің күндізгі режимде жұмыс істеуіне жол беріледі.

«+» - қызметке рұқсат етілген;

«✓» - қызметке ішінара (шектеулермен) рұқсат етілген;

«-» - қызметке тыйым салынған».